

ӘОЖ:159.9.07

## ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚАЗУЫ ТУРАЛЫ

**Бекботаева Гультур Бабахановна**

[gulnur.bekbotaeva@bk.ru](mailto:gulnur.bekbotaeva@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология мамандығының 1 курс магистранты,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ш. Байжұманова

Педагогтің кәсіби күйреуі, оның эмоциялық құлдырауы мектептегі және балабақшадағы қызметіне де әсер етпей қалмайды, өйткені мұғалім немесе тәрбиешінің бойындағы немқұрайлылық пен шиеленіс балалар атмосферасына, олардың оқуға деген мотивацияларына теріс әсер етіп, педагог тұлғасына деген бұрыс көзқарасты қалыптастырады.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдардан бастап кейбір зерттеушілер коммуникативтік қызметтің түрлі салаларында (педагогтар, дәрігерлер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, менеджерлер) жұмыс істейтін адамдарда жиі кездесетін эмоционалдық сарқылу жағдайына назар аударды. Әдетте, мұндай мамандар өз қызметінің белгілі бір кезеңінде кенеттен оған деген қызығушылықты жоғалтуды, өз міндеттеріне формальды түрде қарауы, әріптестермен қақтығысу мәселелері пайда бола бастады. Кейіннен оларда әдетте соматикалық аурулар мен невротикалық бұзылулар дамиды. Байқалған өзгерістер кәсіби стресстің ұзақ әсерінен туындайды.

Қазіргі кездегі зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, "психикалық қажу" деп эмоциялық жұмыс сааларындағы мамандықтарда көрініс беретін физикалық, эмоциялық, ақыл-ойдың қажу жағдайы түсініледі.

Әрине, жұмысқа қанағаттанбаушылық еңбекке ақы төлеудің төмендігінен туындауы мүмкін, алайда Д. Гринбергтің (2002) пікірінше, жоғары ақы төлеу және жақсы еңбек жағдайлары жұмысқа қанағаттанудың кепілі болып табылмайды, өйткені мотивациялық факторлар да бар. Оларға тапсырмалардың күрделілік дәрежесі, жұмыс көлемі жатады, ол аяқталғаннан кейін осы жұмыстың қалай бағаланатындығы сияқты көптеген факторларды ескерген жөн.

Жұмыстағы артық жүктеме мамандардың жеке өміріне де әсер етпей қоймайды, ал педагогтер мен психологтардың арасында білім беруде басым көпшілігі — әйелдер. Өз балаларын тәрбиелеу кейде соңғы жоспарға кетеді, бұл өзіне не айналасындағыларға бағытталған тәрбие, апатия немесе керісінше, тітіркену және агрессия мәселелерінде кінә сезімінің, өз біліксіздігінің қалыптасуына себеп болып табылады. Осылайша, кәсіби қажудың салдары отбасындағы проблемалар, туыстарымен және бірінші кезекте балалармен өзара қарым-қатынастың бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Бұл мәселенің өзектілігі қоғам тарапынан педагог тұлғасына қойылатын талаптарға байланысты, өйткені мұғалім мамандығы үлкен әлеуметтік маңызға ие. Эмпатия қабілеті мұғалімнің ең маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады, алайда кәсіби қызметтегі эмоциялардың практикалық рөлі қарама-қайшы бағаланады. Мұғалімдер мүмкін болатын эмоциялық жүктемеге дайын емес деп айтуға болады, одан (мақсатты түрде) мамандықтың эмоциялық қиындықтарын жеңу үшін қажетті тиісті білімді, іскерлікті, жеке қасиеттерін қалыптастырмайды. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық мамандық - "қажу" ықпалына ұшырайтындардың бірі. Бұл педагогтың кәсіби еңбегі өте жоғары эмоциялық жүктемелікке байланысты. Қазіргі жағдайда мұғалімнің қызметі кәсіби қажуды тудыратын факторларға толы: жұмыс күні ішіндегі әлеуметтік байланыстардың көп саны, жоғары жауапкершілік, басшылық пен кәсіби маңызы бар әріптестердің арасында жете бағаламау, барлық уақытта "формада" болу қажеттілігі және т.б.

Қазіргі таңда қоғам әлеуметтік табысты адамның бейнесін декларациялайды, бұл өзіне сенімді, дербес және батыл, мансаптық табысқа жеткен адамның бейнесі. Сондықтан көптеген адамдар қоғамда сұранысқа ие болу үшін осы бейнеге сәйкес келуге тырысады. Бірақ тиісті имиджді қалыптастыру үшін мұғалім ішкі ресурстарға ие болуы керек. Сондай-ақ, педагог мамандығы альтруистік типтегі мамандықтардың бірі болғандықтан, бұл қажу ықтималдығын арттырады.

Кәсіби қажу синдромы үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады: эмоционалдық сарқылу, деперсонализация және кәсіби жетістіктердің редукциясы (*1-сызба*).

Кәсіби жану синдромының үш негізгі құрамдас бөлігі

Эмоционалды сарқылу - эмоционалды асқын қысым, жетіспеушілік, жеке эмоционалды ресурстардың сарқылуы сияқты сезіледі. Адам жұмысқа бұрынғыдай беріле алмайды, өз эмоцияларының ынтасын, сезімдерін үнемдейді, эмоционалды үзіліс болуы мүмкін.

Деперсонализация-тітіркендірушілерге жағымсыз, жансыз қарым-қатынастың даму үрдісі. Байланыстардың иесіздігі мен формалдылығы өседі. Жасырын сипаты бар теріс қондырғылар уақыт өте келе тітіркену немесе жанжалды жағдайлар түрінде сыртқа шығатын ішкі тұлғалық шиеленістерде көрініс береді.

Жеке (дербес) жетістіктердің редукциясы – өз жұмысында құзыреттілік сезімінің төмендеуі, өзіне наразылық білдіру, өз қызметінің құндылығының азаюы, Кәсіби саладағы жағымсыз өз-өзін қабылдау. Өзінің теріс көріністері немесе сезімдері үшін кінә сезімінің пайда болуы, кәсіби және жеке өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, өз дәрменсіздік сезімінің пайда болуы, жұмысқа немқұрайлылық.

1-сызба. Кәсіби жану синдромының үш негізгі құрамдас бөлігі

Осыған орай, мұғалімнің кәсіби қажу синдромының үш негізгі сатысын анықтауға болады:

- Бірінші бастапқы кезеңде мұғалімдерде функцияларды орындау, еркін жүріс-тұрыс деңгейіндегі жекелеген іркілулер байқалады: қандай да бір сәттерді жадынан шығара алмау, өз ісіне күдіктене бастау т.б. Қателесуден қорқу салдарынан, бұл жүйке-психикалық шиеленісті сезу аясында жұмыс іс-қимылдарының орындалуын жоғары бақылау және бірнеше рет тексеру жүреді;

- Екінші сатыда жұмысқа деген қызығушылықтың төмендеуі, қарым-қатынас қажеттілігі (соның ішінде үйде, достарымен) байқалады: "ешкімді көргім келмейді", "бейсенбі күні жұма күні деген сезім", "апта ұзаққа созылмайды", аптаның соңында апатияның өсуі, тұрақты соматикалық симптомдардың пайда болуы (күш, энергия жоқ, әсіресе аптаның соңында; кештер бойынша бас ауыруы; "қалың ұйқы", суық тию аурулары санының артуы); жоғары тітіркену (кез келген ұсақ-түйек тітіркендіре бастайды).);

- Үшінші кезең - жеке басының қажу күйі. Жұмысқа және өмірге деген қызығушылықтың толық жоғалуы, эмоциялық немқұрайлылық, адамдарды көргісі келмеу және олармен қарым-қатынас жасамау, үнемі күштің болмауын сезіну тән.

Педагогтардың кәсіби іс-әрекетінде, жалпы тұлғалық дамуының қажу күйін сезіну қауіпті. Қажуды емдеуден гөрі алдын алу оңай, сондықтан осы құбылыстың дамуына ықпал ететін факторларға назар аудару маңызды.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Зборовская И.В. Саморегуляция психической устойчивости учителя // Прикладная психология. 2001, № 6, С.55-65.

2. Орел В.Е. Феномен «выгорания» в зарубежной психологии: эмпирические исследования и перспективы // Психологический журнал, 2001, Т.22, № 1, С.90-101.

3. Формалюк Т.В. Синдром «эмоционального сгорания» как показатель профессиональной дезадаптации учителя // Вопросы психологии, 1994, № 6, С.57-64